

**"Облигациялар бойынша купондық сыйақыны субсидиялау қағидаларын бекіту туралы  
" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 24  
желтоқсандағы № 457 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2024 жылғы 16 мамырдағы № 165 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 16 мамырда № 34375 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Облигациялар бойынша купондық сыйақыны субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 457 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19753 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Облигациялар бойынша купондық сыйақыны субсидиялау қағидалары осы бұйрыққа қосымшага сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Қаржылық құралдар және микрокредит беру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Казақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі

A. Сапаров

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасы  
Бәсекелестікті қорғау және  
дамыту агенттігі

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі  
**"КЕЛІСІЛДІ"**  
Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау

және реформалар агенттігінің  
Ұлттық статистика бюросы  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі  
2024 жылғы 16 мамырдағы  
№ 165 бұйрығына  
қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрінің  
2019 жылғы 24 желтоқсандағы  
№ 457 бұйрығымен  
бекітілген

## **Облигациялар бойынша купондық сыйақыны субсидиялау қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Облигациялар бойынша купондық сыйақыны субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "АгроОнеркесіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 41) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен және шегінде облигациялар бойынша купондық сыйақыны субсидиялау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) агроОнеркесіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – жұмыс органдары) – агроОнеркесіптік кешенді дамыту саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

2) астық нарығы жөніндегі оператор – астық нарығында тұрақтандыру функциясын және астықтың резервтік қорын басқару жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыру арқылы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын агроОнеркесіптік кешен саласындағы ұлттық компания;

3) бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесі – белгілі бір уақытқа әмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқық ұстаушыларды сәйкестендіруді, бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеуді, сондай-ақ осы бағалы қағаздар бойынша айналысқа немесе құқықтарды жүзеге асыруға тіркелген шектеулердің сипатын және "Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі

Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 249 қаулысына сәйкес өзге де мәліметтер (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17803 болып тіркелген) қамтамасыз ететін эмитент, эмиссиялық бағалы қағаздар және олардың үсташылары туралы мәліметтер жиынтығы;

4) бағдарлама – агроенеркәсіптік кешен субъектілерін кредиттеу және лизинг кезінде облигациялар бойынша купондық сыйақы бағдарламасы;

5) есепті жыл – эмитентке субсидиялар аудару жүзеге асырылатын 1 қантардан 31 желтоқсанды қоса алғанда күнтізбелік жыл;

6) келісім – эмитент пен жұмыс органды арасында қағаз түрінде жасалатын, субсидияларды аудару тәртібі мен шарттарын көздейтін жазбаша келісім;

7) кредит – қарыз алушыға қарыз шарты бойынша ақылылық, мерзімділік, қайтарымдылық, қамтамасыз ету шарттарында берілетін ақшалай қаражат;

8) кредиттік серіктестік – жеке және (немесе) заңды тұлғалар өз қатысушыларының кредиттерге және басқа да қаржылық, оның ішінде банктік қызметтерге олардың ақшасын шоғырландыру жолымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін құрған заңды тұлға;

9) қарыз алушы – кредит/лизинг алу туралы қарыз шартын жасаған және қызметін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес ауыл шаруашылығы өнімін өндіру және (немесе) өндіреу саласындағы басым жобалар бойынша кредит және лизингке берілетін тауарлар тізбесіне сәйкес қызметті жүзеге асыратын және қарыз шарты бойынша өзіне міндеттемелер қабылдаған эмитентпен жасаған жеке немесе заңды тұлға, жеке кәсіпкер (оның ішінде шаруа (фермер) қожалығы);

10) қор биржасы – дауыс беретін акцияларының жалпы санының кемінде жиырма бес пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, осы сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйелерін пайдалана отырып, оларды тікелей өткізу жолымен сауда-саттықты ұйымдастырушылық және техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

11) қысқа мерзімді облигациялар есебінен қаржыландыру бойынша жеңілдікті сыйақы мөлшерлемесі – кредиттік серіктестіктерді және түпкілікті қарыз алушыларды қоспағанда, қарыз алушылар үшін мөлшері жылдық 5 (бес)%-тен аспайтын, кредиттік серіктестіктер мен екінші деңгейдегі банктер үшін жылдық 3 (үш)%-тен аспайтын сыйақы мөлшерлемесі.

12) лизинг – лизинг алушыға белгілі бір ақыға және белгілі бір шарттарда қаржы лизингі шарты бойынша бір жылдан астам мерзімге уақытша иеленуге және пайдалануға берілетін жылжымалы/жылжымайтын мүлік;

13) облигациялар бойынша купондық сыйақы – облигациялардың номиналды құнынан пайызбен көрсетілген облигациялар бойынша сыйақы;

14) облигациялар шығару проспектісі (бұдан әрі – Проспект) – эмитент, оның қаржылық жағдайы, облигацияларды сатуға болжанатын, шығарылым көлемі, шығарылымдағы облигациялар саны, оларды шығару, орналастыру, айналысқа жіберу, сыйақы мөлшерлемесін төлеу, өтеу тәртібі мен рәсімі туралы мәліметтерді және әлеуетті ұстаушының облигацияны сатып алу туралы шешіміне әсер етуі мүмкін басқа да ақпаратты қамтитын құжат;

15) облигациялық қарыз – эмитент шығарған, жариялаған және "Астана" халықаралық қаржы орталығының қор биржасы мен (немесе) Қор биржасының бағалы қағаздарының ресми тізіміне енгізілген облигациялар;

16) облигация ұстаушы – Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде тіркелген, облигациялар бойынша құқықтары бар занды тұлға;

17) сыйақы мөлшерлемесі – облигациялар шығару аңдатпасында көзделген және эмитент облигацияларды орналастыру салдарынан алған ақшаны пайдаланғаны үшін облигация ұстаушыға мерзімді негізде төленуге жататын пайызбен көрсетілген сыйақы мөлшері;

18) түпкілікті қарыз алушы – кредиттік серіктестікпен қарыз шартын жасасқан кредиттік серіктестікке қатысушы;

19) ұзақ мерзімді облигациялар есебінен қаржыландыру бойынша жеңілдікті сыйақы мөлшерлемесі – кредиттік серіктестіктерді қоспағанда, қарыз алушылар мен түпкілікті қарыз алушылар үшін мөлшері жылдық 6 (алты) %-тен аспайтын, кредиттік серіктестіктер мен екінші деңгейдегі банктер үшін жылдық 3 (үш) %-тен аспайтын сыйақы мөлшерлемесі;

20) эмитент – эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды жүзеге асыратын тұлға.

3. Облигациялық қарыз шарттары өзгерген жағдайда, субсидия мөлшері эмитент пен жұмыс органды арасында қағаз түрінде қосымша келісім жасасу арқылы ұлғаю және азаю жағына қайта қаралуы мүмкін.

4. Субсидиялар эмитент шығарған облигациялар бойынша купондық сыйақының бір бөлігін немесе толық мөлшерін төлеу бойынша эмитенттің шығындарын өтеуге арналған.

5. Эмитент есепті жылдан кейінгі жылдың 25 қаңтарына дейінгі мерзімде жұмыс органдына осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша облигациялар бойынша купондық сыйақы субсидияларының нақты пайдаланылуы туралы есепті ұсынады.

**2-тарау. Облигациялар бойынша купондық сыйақыны субсидиялау тәртібі**

**1-параграф. Субсидиялар алу тәртібі**

6. 2018 жылғы 1 қарашаға дейін тартылған жалпы сомасы 120 миллиард теңге облигациялық қарыз бойынша купондық сыйақыны субсидиялау мынадай шарттармен жүзеге асырылады:

1) субсидиялау облигациялық қарыздың жалпы сомасынан жылдық 4,07% (төрт бүтін жүзден жеті) құрайды;

2) облигациялық қарызды өтеу мерзімі – Проспектінің шарттарына сәйкес.

7. 2018 жылғы 1 қарашадан кейін тартылған жалпы сомасы 450 миллиард теңге облигациялық қарыз бойынша купондық сыйақыны субсидиялау мынадай шарттармен жүзеге асырылады:

1) субсидиялау облигациялық қарыздың жалпы сомасының бір бөлігінен 279,4 миллиард теңге мөлшерінде жылдық 4,07% (төрт бүтін жүзден жеті) құрайды;

2) субсидиялау облигациялық қарыздың жалпы сомасы бөлігінің 170,6 миллиард теңге мөлшерінде жылдық 9,9% (тоғыз бүтін оннан тоғыз) құрайды;

3) облигациялық қарызды өтеу мерзімі – Проспектінің шарттарына сәйкес.

8. Астық нарығы жөніндегі оператор болып табылатын эмитенттің 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін тартылған жалпы сомасы 40 миллиард теңгеге облигациялық қарызы бойынша купондық сыйақыны субсидиялау мынадай шарттарда жүзеге асырылады:

1) субсидиялау облигациялық қарыздың жалпы сомасының жылдық 10,5% (он бүтін оннан бес) құрайды;

2) облигациялық қарызды өтеу мерзімі – Проспектінің шарттарына сәйкес.

9. 2024 жылғы 1 қаңтардан кейін тартылған астық нарығы бойынша оператор болып табылатын эмитенттің облигациялық қарыздары бойынша купондық сыйақыны субсидиялау мынадай шарттарда жүзеге асырылады:

1) субсидиялау әрбір облигациялық қарыз сомасынан төлемнің әрбір кезеңіне арналған сыйақы мөлшерлемесінің толық мөлшерін құрайды;

2) облигациялық қарызды өтеу мерзімі – Проспектінің шарттарына сәйкес.

10. Эмитенттің 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап тартылған қысқа мерзімді облигациялық қарыздары бойынша купондық сыйақыны субсидиялау мынадай шарттарда жүзеге асырылады:

1) субсидиялау облигациялық қарыздың купондық сыйақысы мөлшерінен сыйақы мөлшерлемесінің толық мөлшерін құрайды;

2) облигациялық қарызды өтеу мерзімі – Проспектінің шарттарына сәйкес.

Бұл ретте купондық сыйақыны субсидиялау жүзеге асырылатын жарияланған облигацияларды қайта қаржыландыру мақсатында шығарылған облигациялар бойынша купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға жол беріледі.

11. Субсидиялау Проспект, облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік және облигацияларды бастапқы орналастыру күніне бағалы қағаздарды ұсташылар тізілімдері жүйесінен үзінді көшірме негізінде жүзеге асырылады.

12. Субсидиялар эмитент облигациялар шығарған күннен бастап облигациялар айналысы кезеңі аяқталған күнге дейін есептеледі.

13. Облигациялар бойынша купондық сыйақыны субсидиялау кестесін жөніндегі қаржыландыру жоспарын жұмыс органы Проспект талаптарына сәйкес бекітеді.

Облигациялар бойынша купондық сыйақыны субсидиялау кестесін өзірлеу кезінде эмитенттің облигациялар бойынша купондық сыйақыны төлеу күні қор биржасының, сондай-ақ "Астана" халықаралық қаржы орталығы қор биржасының деректеріне сәйкес облигациялық қарыз бойынша купондық төлемдердің басталған күні болып есептеледі.

14. Субсидиялау мерзімдері, облигациялық қарыздың бір бөлігінің және (немесе) жалпы сомасының пайызы және субсидиялау сомасы эмитенттің купондық сыйақыны субсидиялауға қажеттілігі осы Қағидалар мен келісімге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу арқылы өзгерген кезде өзгертилетін болады.

15. Субсидиялау келесі процестерді қамтиды:

- 1) эмитенттің келісім жасасуға ұсынысын (бұдан әрі – ұсыныс) қабылдауды;
- 2) жұмыс органының келісім жасасу туралы шешім қабылдауы;
- 3) келісім жасасуды;
- 4) субсидиялауға өтінім беруді;
- 5) субсидия төлеуді;
- 6) келісімді өзгертуді.

## **2-параграф. Ұсыныстарды қарау және шешім қабылдау келісім жасасу тәртібі**

16. Осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша облигациялар бойынша ұсынысты эмитент облигацияларды бастапқы орналастыру күніне Проспектің, облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмелерін және бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесінен үзінді көшірмелерді қоса бере отырып ұсынады.

17. Жұмыс органы ұсынысты алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде мыналарды жүзеге асырады.

- 1) ұсынысты жұмыс органының кеңесінде тіркеуді;
- 2) ұсыныстың осы Қағидалардың 2-тaraуында белгіленген шарттарға сәйкестігін тексеруді;
- 3) келісім жасасу туралы шешім қабылдау және ресімдеу және бұл туралы эмитентті хабардар етуді.

18. Келісім жасасу туралы жұмыс органының шешіміне жұмыс органының бірінші басшысы немесе оның міндеттін атқарушы адам қояды.

19. Жұмыс органының келісім жасасу туралы шешіміне мыналар кіреді:

- 1) ұсынысы бойынша келісім жасасу туралы шешім қабылданған эмитенттің атауы мен орналасқан жері;
- 2) облигациялық қарыз сомасы;

- 3) субсидиялау мерзімі;
- 4) субсидиялау мөлшерлемесі;
- 5) жылдар бойынша бөлінісіндегі субсидиялардың жалпы сомасын қамтиды.

20. Ұсыныс осы Қағидалардың 3-тарауында белгіленген шарттарға сәйкес келмеген жағдайда жұмыс органы келісім жасасудан жазбаша түрде бас тартады.

21. Келісім жасасу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде келісім жасалады.

Әмитент пен жұмыс органы арасында бірнеше келісімдер жасасуға жол беріледі.

### **3-параграф. Субсидиялауға өтінім беру және субсидиялар төлеу тәртібі**

22. Жұмыс органы субсидиялауға өтінім алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша:

1) субсидиялауға арналған өтінімді жұмыс органының кенсесінде тіркеуді жүзеге асырады;

2) субсидиялауға өтінім сомасының келісімде көрсетілген сомаға сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады;

3) субсидиялауға арналған өтінім сомасы келісімге сәйкес келген жағдайда, әмитенттің банк шотына субсидиялар аудару үшін "Қазынашылық-Клиент" ақпараттық жүйесіне жүктелетін субсидиялар төлеуге арналған шотты қалыптастырады және төлеуге жібереді;

4) субсидиялауға өтінім сомасы келісімге сәйкес келмеген жағдайда әмитентті субсидиялар беруден бас тарту туралы жазбаша хабардар етеді.

23. Жұмыс органы облигациялық қарыз бойынша купондық төлемдер басталған күнге дейін 10 (он) жұмыс күні бұрын жасалған келісімге сәйкес әмитенттің банктік шотына купондық сыйақының субсидияланатын бөлігін төлеммен аударады.

Бұл ретте, есептік жылы астық нарығы жөніндегі оператордың облигациялары бойынша есептелетін купондық сыйақы бойынша субсидияларды аудару есептік жылдың 30 қаңтарынан кешіктірілмей тиісті қаржы жылына арналған бюджетте көзделген қаражат шегінде әмитенттің банктік шотына аванстық төлеммен аударылады

Әмитент облигациялар бойынша купондық сыйақыны өз қаражаты есебінен төлеген жағдайда, жұмыс органы әмитентке купондық сыйақының субсидияланатын бөлігінің сомасын әмитенттің банктік шотына аудару жолымен облигациялар бойынша купондық сыйақының бұрын төленген бөлігін өтейді.

Жұмыс органы шығарылған мерзімі 12 (он екі) айды қоса алғанға дейін құрайтын облигациялар бойынша купондық сыйақының 100% (жуз процент) жасалған келісімге сәйкес, облигациялар бойынша тіркеуге жататын әмитенттің банктік шотына аванстық төлеммен аударады.

Эмитент субсидия қаражатын алғаннан кейін қарыз шарттарын жасасу жолымен қысқа мерзімді облигациялар есебінен қарыз алушыларға қаржыландыру бойынша женеңлікті сыйақы мөлшерлемесі бойынша кредит береді. Бұл ретте, көрсетілген қысқа мерзімді облигациялар есебінен 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап жасалған қарыз шарттары бойынша көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын жүргізуге бұрын берілген кредиттік қаражатты ауыстыруға жол беріледі.

24. Субсидиялар игерілмеген жағдайда, қарыз алушыларды қаржыландырудың қажеттілігі болмағанда, игерілмеген субсидиялар қаражатының қалдығын эмитенттің қайтаруына жол беріледі.

#### **4-параграф. Келісімді өзгерту тәртібі**

25. Облигациялық қарыз шарттары (купондық сыйақыны төлеу, облигациялардың айналыс мерзімін ұзарту және (немесе) купондық сыйақыны төлеу бойынша кейінге қалдыруды ұсыну мерзімдері) өзгерген жағдайда, эмитент 5 (бес) жұмыс күні ішінде бұл туралы қабылданған шешімнің және облигациялық қарызды, купондық сыйақыны және субсидиялар көлемін өтеудің жаңартылған графигінің көшірмелерін қоса бере отырып, жұмыс органын хабардар етеді.

26. Жұмыс органы облигациялық қарыз шарттарының өзгергені туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде:

1) облигациялық қарыздың өзгертілген шарттарының осы Қағидаларда белгіленген субсидиялау шарттарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады;

2) ұсынылатын өзгерістер осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келген жағдайда, келісімге өзгерістер енгізу туралы шешім қабылдайды және ресімдейді және бұл туралы эмитентті жазбаша хабардар етеді.

27. Эмитент пен жұмыс органы арасындағы графигі жаңартылған субсидиялау келісіміне өзгерістер енгізу туралы қосымша келісім жұмыс органы келісімге өзгерістер енгізу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жасалады.

#### **3-тарау. Ұзақ мерзімді облигациялық купондық сыйақыны қарыздар бойынша субсидиялау шарттары**

28. АгроОнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру және лизинг беру кезінде айналыс мерзімі 12 (он екі) айдан асатын эмитенттің ұзақ мерзімді облигациялары (бұдан әрі – ұзақ мерзімді облигациялар) бойынша купондық сыйақыны субсидиялау жеке бюджеттік бағдарлама бойынша жүзеге асырылады.

29. Эмитенттің ұзақ мерзімді облигациялық қарыздары бойынша купондық сыйақыны субсидиялау мынадай шарттарда жүзеге асырылады:

1) субсидиялау облигациялық қарыздың купондық сыйақысының толық мөлшерін құрайды;

2) субсидиялаудың шекті мөлшері есепті жылдың 1 қантарындағы жай-күй бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің жиынтық мәнінен плюс 1,5%-тен (бір бүтін оннан бестен) аспайды;

3) облигациялық қарызды өтеу мерзімі – Проспектінің шарттарына сәйкес.

30. Эмитентті субсидиялау сомасын есептеу үшін қолданылған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің мөлшері облигациялық қарыз айналысының бүкіл мерзіміне өзгеріссіз қалады.

31. Бағдарламаны іске асыру тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

32. Субсидиялау осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қаражат тарту жоспары негізінде жүзеге асырылады.

33. Ұзак мерзімді облигациялар бойынша купондық сыйақыны субсидиялау кестесін жұмыс органы бекітеді.

34. Осы тарау шеңберіндегі субсидиялау процесі осы Қағидалардың 15, 17, 18, 19, 20 және 21-тармақтарының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

35. Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсыныс қабылдауды жұмыс органы есептік жылдың 5 қантарынан бастап жүзеге асырады.

36. Есептік жылды ұзак мерзімді облигациялар бойынша есептелетін купондық сыйақы бойынша субсидияларды аудару эмитенттің банктік шотына аванстық төлеммен есептік жылдың 30 қантарынан кешіктірілмей жүзеге асырылады.

Эмитент облигациялар бойынша купондық сыйақыны өз қаражаты есебінен төлеген жағдайда, жұмыс органы эмитентке купондық сыйақының субсидияланатын бөлігінің сомасын эмитенттің банктік шотына аудару жолымен облигациялар бойынша купондық сыйақының бұрын төленген бөлігін өтейді.

37. Эмитент субсидиялар қаражатын алғаннан кейін, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес ауыл шаруашылығы өнімін өндіру және (немесе) өндеу саласындағы басым жобалар бойынша кредит және (немесе) қаржылық лизингі берілетін тауарлар тізбесіне сәйкес кредит/лизинг шарттарын жасасу жолымен ұзак мерзімді облигациялар қаражаты есебінен қаржыландыру бойынша жеңілдікті сыйақы мөлшерлемесі бойынша қарыз алушыларды кредиттер және лизинг түрінде қаржыландыруды жүргізеді.

38. Субсидиялар қаражатының игерілмеген қалдығы қалыптасқан жағдайда, есептік жылғы субсидиялардың қалдығы келесі жылға ауысады. Бұл ретте, келесі жылға субсидиялар алуға өтінім эмитент игермеген өткен жылғы субсидиялар ескеріле отырып беріледі.

Игерілмеген субсидиялар қаражаты қалдығының қайтарылуы қарыз алушылардың қаржыландыруға қажеттілігі болмаған кезде жүзеге асырылады.

39. Болашақ қаржы кезеңдерінің субсидияларының сомалары мен мерзімдерін нақтылау әмитент жұмыс органына осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қаражат тарту жоспары негізінде субсидияларды нақты пайдалану туралы жыл сайынғы есепті ұсынғаннан кейін жүзеге асырылады.

40. Облигациялық қарыз шарттары өзгерген жағдайда, келісімге өзгерістер енгізу туралы қосымша келісім осы Қағидалардың 25, 26 және 27-тармақтарында белгіленген талаптарды сақтай отырып жасалады.

41. Кейіннен, алдағы жылға арналған субсидиялар қаражатын алу үшін, есептік жылдың соңында әмитент қаражат тарту жоспарын және облигациялық қарыз бойынша негізгі борыштың қалдығын ескере отырып, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялауға арналған өтінімді қалыптастырады.

42. Эмитент қайта ұйымдастырылған жағдайда, бұрын жасалған келісімдер бойынша субсидиялар қосымша келісімдерге қол қою арқылы құқық мирасқорына төленеді.

Облигациялар бойынша  
купондық сыйақыны  
субсидиялау қағидаларына  
1-қосымша

**Ауыл шаруашылығы өнімін өндіру және (немесе) өндіу саласындағы басым жобалар  
бойынша кредит және қаржылық лизинг берілетін тауарлар тізбесі**

№	Бағыттарының атауы	Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің атауы	Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші	Шығарылатын өнімдер мен тауарлардың тізбесі
1	2	3	4	5
				<p>Ашық топырақта дәнді дақылдард (күріштен басқа), бұршақты және майлы дақылдарды өсіру.</p> <p>Тұқым өсіруді қосқанда, дәнді және бұршақ дақылдарды өсіру:</p> <p>бидай, жүгері, конак жүгері, арпа, кара бидай, сұлы, тары, басқа да дәнді дақылдар сияқты дәнді-бұршақ дақылдарын, оның ішінде тұқым қорын қалыптастыру үшін өсіру;</p>

1	Дәнді дақылдарды (күріштен басқа), бұршақты және майлы дақылдарды өсіру	01.11	ұрлесбұршақ, бұршақ, нут (түрік бұршағы), жасымық, бөрібұршақ, бұршақ, бұршақтың бұршагы, басқа да бұршақ дақылдар сияқты дәнді-бұршак дақылдарын, оның ішінде тұқым қорын қалыптастыру үшін өсіру; Майлы дақылдарды және олардың тұқымдарын өсіру соя бұршағы, жер жанғағы (арахис), макта, үпілмәлік, зығыр, қыша, рапс, сафлор, күнжіт, күнбағыс тұқымдары сияқты майлы дақылдарды, тұқымдарды өндіруді қоса алғанда, басқа да майлы дақылдар өсіру.
2	Күріш өсіру	01.12	Күріш өсіру.  Картопты және отырғызатын материал өсіру. Көкөністерді, олардың тұқымдарын және көшеттерін өсіру: берікгүл, аспарагус, қырыққабат, түсті қырыққабат және брокколи, салат-сүтшөп және салат сорты цикорий, шпинат сияқты жапыракты және сабақты көкөністерді, басқа да жапыракты және сабақты көкөністер өсіру; кияр және корнишондар, баялды, қызанактар,

3	<p>Көкөністер, бақша дақылдарын, тамыр жемістілер мен түйнек жемістілерді өсіру</p> <p><b>А у ы л шаруашылығы</b></p>	01.13	<p>мускус қауынын қосқанда, карбыздар, қауындар, сиякты жеміс – көкөністерді бақша және жеміс – көкөністердің басқада түрлерін өсіру; сәбіз, шалқан, қантты жүгері, сарымсақ, пияз (шалотты қоса алғанда), порей пиязы және пияз тәрізділерге жататын көкөністер сиякты тамыр жемісті, түйнекті жемісті және көкөністердің өзгеде тамыр жемісті және түйнек жемістілер өсіру; саңырауқұлақтар және трюфельдерді өсіру; көкөністердің өзгеде түрлерін өсіру; көкөністердің тұқымдарын өсіру; Қант қызылшасын және оның тұқымдарын өсіру.</p>
4	<p>Тоқыма дақылдарды өсіру</p>	01.16	<p>Шитті мактаны, зығырды және басқада тоқыма дақылдарын өсіру</p>
5	<p>Өзге де бір-немесе екіжылдық дақылдарды өсіру</p>	01.19	<p>Жем-шөп дақылдарын және олардың тұқымдарын өсіру тарнаны, жем-шөпті қызылшаны, жем-шөпті тамыржемістілерді, бедені, жоңышқаны, эспарцетті, жем-шөптік жугеріні және басқашөптерді, жем-шөптік қырыққабаты және жем-шөптік</p>

			дақылдылар сияқтыларды өсіру қаракүмыкты өсіру қызылша тұқымдарын (қант қызылшасынан басқа) және жем - шөп өсімдіктерін өсіру
6	Жүзімді өсіру	01.21	Жүзімді өсіру.
7	Дәнді және сүйекті жемістерді өсіру	01.24	Дәнді және сүйекті жемістерді өсіру.
8	Басқа да жемістер, жидектер және жаңғақтарды өсіру	01.25	Жидектер және жаңғақтарды өсіру.
9	Басқа да ірі қара малды және енекелерді көбейту	01.42	Ет алу үшін ірі қара малды және енекелерді көбейту
10	Сүт бағытындағы ірі қара малды өсіру	01.41	Сүт бағытындағы ірі қара малды өсіру және көбейту. Сиыр шикі сүтін және басқа ірі қара малдың шикі сүтін өндіру.
11	Жылқыны және басқа да жылқы тұқымдастарды өсіру	01.43	Жылқыларды өсіру және көбейту
12	Түйені және өзге де түйе текстес жануарларды өсіру	01.44	Түйелерді өсіру және көбейту
13	Кой және ешкі өсіру	01.45	Койы және ешкі өсіру: кой және ешкі өсіру және көбейту; кайдың және ешкінің шикі сүтін өндіру; өнделмеген (жұылмаған) жұнді өндіру.
14	Шошқа өсіру	01.46	Шошқа өсіру
			А уыл шаруашылығы құстарын өсіру және көбейту. Ауыл шаруашылығы құстары

15		А у ы л шаруашылығы құстарын өсіру	01.47	жұмыртқаларын өндіру. Алаңас етті жұмыртқа өндірісі. Инкубаторлық құс шаруашылығы станцияларының қызметі.
16		Жануарлардың басқа түрлерін өсіру	01.49	Баларапы өсіру, балды және баларапа балауызын өндіру.
17		Аралас ауыл шаруашылығы	01.50	Ө с і м д і к шаруашылығы өнімдерімен катар м а л шаруашылығының өнімдерін өндіру: ауыл шаруашылығы дақылдардың мал шаруашылығымен косып өсіру.
18		Етті өндеу және консервілеу	10.11	Жаңа сойылған, салқындағылған н е м е с е тоңазытылған етті ұша, шабылған ет немесе бөліктеге бөлінген түрінде өндіру Тамақ субөнімдері
19		А у ы л шаруашылығы құсының етін өндеу және консервілеу	10.12	Құс с о ю бөлімдерінде ауыл шаруашылығы құсын сою, етін ұшаларға бөлу және өлшеп орау. Бөліктеге бөлінген жаңа сойылған, салқындағылған н е м е с е тоңазытылған ауыл шаруашылығы құсының етін өндіру
	Етті өндеу және консервілеу және ет өнімдерінің өндірісі			Кептірілген, тұздалған немесе ысталған етті өндіру  Ет өнімдерін: сосискалар, салы, шұжық өнімдерін, шұжықтар, сүрленген құрғақ

20		Еттен және ауыл шаруашылығы құсының етінен жасалған өнімдерді өндіру	10.13	шұжық, сервелат, болон ысталған шұжығы, паштеттерді, орамалар, пісрілген сан етін, етті және құрамында ет бар (ет өсімдікті) консервілерді өндіру. Етті және құрамында ет бар жартылай дайын өнімді өндіру.
21	Балықты, шаян тәрізділерді және моллюскілерді өндеу және консервілеу	Балықты, шаян тәрізділерді және моллюскілерді өндеу және консервілеу	10.20	Балықты, шаян тәрізділерді және моллюскілерді өндеу және консервілеу. Балықтан, шаян тәрізділерден және моллюскілерден өнім өндіру. Адамдардың тамаққа пайдалануы үшін немесе жануарлар азығы үшін балық өнімдерін өндіру. Балықтан және адамдардың тамаққа пайдалануына жарамсыз өзге де жануарлар түрлерінен ұн, ұнтақ және түйіршік өндіру. Теніз балдырларын өндеу.
22		Картопты өндеу және консервілеу	10.31	Картопты өндеу және консервілеу: дағын тоңазытылған картопты өндіру, күрғақ картоп пюресін өндіру, картоптардан жеңіл тамактарды өндіру, картоп чипстерін өндіру, майда тартылған және ірі тартылған картоп ұннын өндіру.

23	Жеміс және көкөніс шырындарын өндіру	10.32	Жеміс және көкөніс шырындарын өндіру. Жас жемістерден және көкөністерден концентраттар мен шырындар өндіру.
24	Жемістерді және көкөністерді өңдеу және консервілеу	Жемістерді және көкөністерді өңдеу және консервілеудің өзге де түрлері	10.39 Тоқазытылған немесе консервіленген түрдегі дайын тағамдарды коспағанда, негізінен жемістерден немесе көкөністерден тамақ өнімдерін өндіру. Жемістерді, жаңғақтарды немесе көкөністерді консервілеу: тоқазыту, кептіру, май ішінде немесе сірке суында сініру, герметикалық ыдыста консервілеу. Жемістерден немесе көкөністерден тамақ өнімдерін өндіру. Джем, мармелад және тағамдық желе жасау. Жаңғақтарды қуыру. Жаңғақтардан пасталарды және өзге де тамақ өнімдерін өндіру.
25	Май және тоңмай өндіру	10.41	Тазартылмаган өсімдік майын: соя, күнбағыс, макта, рапс, қыша, зығыр, майсана, зәйтүн майын өндіру. Тазартылған (тазаланған) өсімдік майын: соя, күнбағыс, макта, рапс, қыша, зығыр, майсана, зәйтүн майын өндіру. Өсімдік майын өңдеу: шаю,

				кайнату, дегидрациялау, гидрогенизациялау.
26	Маргарин және оған ұқсас тағамдық майларды өндіру	10.42		Маргаринді өндіру. Май қоспаларын және спредтерді өндіру. Тамақ дайындауға арналған аралас майларды өндіру.
27	Сүт және сыр өнімдері	Консервіленген сүттен басқа сүтті өңдеу және сыр өндіру	10.51	Сүйық сүтті, пастерленген, заарсыздандырылғ ан, гомогенделген, сондай-ақ басқа ж о ф а р ы температурада өнделген сүтті өндіру. Сүт негізінде алькогольсіз сусындарды өндіру. Піспеген сүйық сүттен, пастерленген, заарсыздандырылғ ан және гомогенизирленген сүттен кілегей өндіру. Құрғақ сүт өндіру. Катты түрде сүт немесе кілегей өндіру. Сары май өндіру. Йогурт өндіру. Сыр және ірімшік өндіру. Мәйек өндіру. Казеин немесе лактоза өндіру. Сүт консервілерін өндіру.
28	Балмұздақ өндіру	10.52		Балмұздақ өндіру.  Бидайдан, кара бидайдан, сұлыдан, жүгеріден және басқа дәндерден майдада және ірі тартаылған ұнды өндіру. Күріш ұнын өндіру.

29	Ұн-жарма өнімдерін өндіру	Ұн өндіру	10.61.1*	<p>Күргак бұршақ дәндерінен, тамырлардан немесе сабактардан, немесе жеуге жарамды жаңғақтардан майда және ірі тартылған ұн өндіру.</p> <p>Нан, торт, бәліш, пирогтар, бисквиттер және құймақтарды пісіруге арналған дайын ұн қоспалары мен қамырларды өндіру.</p>
30		Жарма өндіру	10.61.2	<p>Бидайдан, қара бидайдан, сұлыдан, жүгеріден немесе басқа дәндерден жарма өндіру.</p> <p>Тазартылған, тартылған, жылтыратылған, тегістелген, глазирленген, бумен өнделген құрішті өндіру.</p>
31		Тағамдық концентраттарды өндіру	10.61.3	<p>Күргак таңғы ас сияқты дәнді дақылдардан жасалған таңғы асқа арналған өнімдерді өндіру.</p> <p>Бидай, қара бидай, сұлы, жүгері немесе басқа да дәндердің қауыздарын өндіру.</p>
32		Крахмалды және крахмалдан өнімдер өндіру	10.62	<p>Күріштен, картоптан, жүгеріден және тағы басқа крахмалдар өндіру.</p> <p>Шикі жүгеріні ұнтақтау.</p> <p>Глюкоза және (немесе) глюкоза-фруктоза шәрбатын, қант шәрбатын, мальтоза, инулин және тағы басқа өндіру.</p>

				Дәнбалаузының өндіру. Жүгері майын өндіру.
33		Ұзақ сақтауға арналмаған нан және ұннан жасалған кондитерлік өнімдерді өндіру	10.71	Нан-тоқаш өнімдерін: нан, тоқаш өнімдерін, құймақтар, ұннан жасалған кондитерлік өнімдер (торттар, тәтті тоқаштар, бәліштер, бисквиттер және т.б.) өндіру.
34	Нан-тоқаш, макарон және ұннан жасалған кондитерлік өнімдерді өндіру	Кептірілген нан және печенье, ұзак сақтауға арналған ұннан жасалған кондитерлік өнімдер өндіру	10.72	Кептірілген нан, печенье және өзге де құрғақ нан-тоқаш өнімдерін өндіру Ұзақ сақтауға арналған ұннан жасалған кондитерлік өнімдерді, торттарды, тәтті тоқаштарды, бәліштер мен бисквиттерді өндіру Печенье, крекерлер, кренделдер сияқты түзды және тәтті өнімдерді өндіру.
35		Макарон өнімдерін өндіру	10.73	Пісірілген және пісірілмеген, салындысы бар және салындысы жоқ макарон және кеспе өндіру. Кускус өндіру. Консервіленген н е м с е тоңазытылған өнімдерді макарон өнімдерін өндіру.
36		Қант өндіру	10.81	Қант қызылшасынан және қант құрағынан қант өндіру

				Какао-ұнтағын, какао-майын өндіру
37	Өзге де тамак өнімдерін өндіру	Какао, шоколад және қантты кондитерлік өнімдерді өндіру	10.82	Шоколад және шоколад кэмпитеттерді өндіру. Қантты кондитерлік өнімдерді: карамель , нуга, помадка, ақ шоколад өндіру. Қантталған жемістерді, жаңғақтарды, жемістерден және өсімдіктердің өзге де бөліктерінен цукаттар өндіру. Драже, мұз конфеттер және пастилалар өндіру.
38		Татымдықтар мен дәмқосарларды өндіру	10.84	Дәмдеуіштерді, тұздықтарды және дәмқосарларды: майонез, қыша ұны мен ұнтағы, дайын қышаны және т.б. өндіру. Сірке сүйн өндіру. Тағамға пайдалануға жарамды тұз өндіру, мысалы, йодталған тұз кіреді.
39		Басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де тамак өнімдерін өндіру	10.89	Көже және сорпа өндіру Жұмыртқа өнімдерін, жұмыртқаның ақуызын өндіру. Ашытқы өндіру.
40	Дайын тағам өнімдері (өндірістік масштабта)	Дайын тағам өнімдерін өндіру	10.85	Ет тағамдарын немесе үй құсынан жасалған тағамдарды өндіру. Балықтың тартылған етін қоса, балық тағамдарын өндіру. Көкөністерден тағамдар дайындау. Тоқазытылған пиццаны немесе

				сақтау үшін өзге де тәсілдермен дайындалған пиццаны өндіру.
41	Балалар тағамы	Балалар тағамын және диеталық тамак өнімдерін өндіру	10.86	Аռаізы тамақтануға пайдаланылатын тамақ өнімдерін: балаларға арналған сүт қоспасын; емшектегі сәбілерге арналған құнарлы сүтті және басқа да өнімдерді; балалар тағамдарын ; салмақты бақылауға арналған калориясы аз және калориясы азайтылған өнімдерді; құрамында натрий аз және натрий жоқ диеталық тұздарды қоса отырып, құрамында натрий азайтылған тамақ өнімдерін; құрамында глютені жоқ тамақ өнімдерін; физикалық ауыр жұмысты орындастын адамдарға, әсіреке спортшыларға пайдалануға арналған тамақ өнімдерін; зат алмасуының бұзылуымен (диабетпен) ауыратын адамдарға арналған тамақ өнімдерін өндіру
42	Жануарларға арналған дайын азықтар өндіру	Ауылшаруашылығы жануарларына арналған дайын азықтарды өндіру	10.91	Ірі қара малға, ұсак малға, жылқыларға, үй құстарына және шошқаларға арналған азықтарды өндіру
				Табиғи минералды суды және өзге де

43	Алкогольсіз сусындарды, минералды суларды және басқа да бөтөлкелерге құйылатын сусындарды өндіру	Алкогольсіз сусындарды, минералды суларды және басқа да бөтөлкелерге құйылатын сусындарды өндіру	11.07.0*	бетелкелердегі суларды өндіру. Алкогольсіз сусындарды, хош иістендерліген және (немесе) тәттілендерліген сусындар: лимонад, оранжад, кола, жеміс сусындары, тониктер және тағы басқаларды өндіру.
44		Жұн талшығын дайындау	13.10.3	Жұылған, майсыздандырылған немесе карбондалған, тұтілмеген және тарақпен таралмаған жұн (қой жұн). Жануарлардың жіңішке немесе қылышқты, тұтілген немесе тарақпен таралған жұні мен қылы
45	Жұнді өндіру	Жұн талшығын ииру	13.10.4	Тоқыма және тігін өнеркәсібіне арналған жұннен ірілген жіп өндірісі
46		Жұн маталар өндірісі	13.20.2	Тұтілген немесе тарақпен таралған жұннен немесе жануарлардың қылышқты қылынан немесе жылқы қылынан жасалған маталар
47		Киізден басылған бүйымдар өндірісі	13.99.2	Киіз және фетр өндірісі
48		Теріні илеу және өндіру	15.11.1	Иленген және өнделген былғары; өнделген және боялған үлбір. Үлбір, иленген немесе өнделген терілер. Күдері (қыстырыған күдеріні қоса алғанда);

				боялған былғары және боялған ламинадталған; металдандырылған былғары. Боялған былғары және боялған ламинадталған; металдандырылған былғары.
49	Былғары өнімдерін өндіру	Теріні өндеу және бояу	15.11.3	Iрі қара малдың терілерінен жасалған былғары немесе жылқы тұқымдас жануарлардың түгі бар терілері. Iрі қара малдың түксіз тұтас терілерінен жасалған былғары. Жылқы тұқымдас жануарлардың түксіз терілерінен жасалған былғары. Кой, ешкі немесе шошқаның түксіз терілерінен жасалған былғары. Койдың түксіз терілерінен жасалған былғары. Ешкінің түксіз терілерінен жасалған былғары. Шошқалардың түксіз терісі
50	А у ы л шаруашылығы өнімдерін сақтау	Астық сақтайтын орындар	52.10.1	Астық сақтайтын орындар
51		Көкөністерді, жемістерді сақтайтын орындар	52.10.9	Көкөністерді, жемістерді сақтайтын орындар

Облигациялар бойынша  
купондық сыйақыны  
субсидиялау қағидаларына  
2-қосымша

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне  
Әкімшілік деректер нысаны [www.gov.kz](http://www.gov.kz) интернет-ресурсында орналастырылған.

**Облигациялар бойынша купондық сыйақы субсидияларының нақты пайдаланылуы туралы  
есеп**

Әкімшілік деректер нысанының индексі: № ОКС-1 нысан

Кезеңділігі: жыл сайын

Есептік кезең: 20\_\_ жыл

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: эмитент

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есептің жылдан кейінгі жылдың 25 қаңтарына дейін

Эмитент тің атауы	Бизнес-сәйкестен діру нөмірі	Облигациялар проспекті (халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ұлттық сәйкестендіру нөмірі))	Облигациялар айналыс ының бүкіл мерзіміне көзделген субсиди ялардың барлығы, теңге	Барлық аударылған субсидиялар, теңге	Ауытку (+, -) (+) артық толеу, (-) жетіспеушілік, теңге		Пайдаланылмаған субсиди ялардың қайтарылмағаны (накты), теңге	Банктік шоттарда а жатқан субсиди ялар қалдығы, теңге		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Жиыны:										

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам \_\_\_\_\_

(аты және әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы)

Есеп тапсырылған күн 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

**Әкімшілік деректерді жинауга арналған "Облигациялар бойынша купондық сыйақы субсидияларының нақты пайдаланылуы туралы есеп" нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

### 1-тaraу. Жалпы ережелер

- Осы түсіндірме "Облигациялар бойынша купондық сыйақы субсидияларының нақты пайдаланылуы туралы есеп" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқынтайтының.
- Нысанды эмитент толтырады.
- Нысанда басшы не оның міндетін атқарушы адам қол қояды.
- Нысанды Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне жыл сайын, есептің кезеңнен кейінгі 25 қаңтарға дейін эмитент ұсынады.
- Нысан қазақ немесе орыс тілдерінде толтырылады.

### 2-taraу. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

- Есептің 1-бағанында эмитенттің атауы көрсетіледі.

7. 2-бағанда бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.
8. 3-бағанда облигациялар проспектісі (халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ұлттық сәйкестендіру нөмірі) көрсетіледі.
9. 4-бағанда облигациялық қарыз сомасы көрсетіледі.
10. 5-бағанда облигациялар айналысының бүкіл мерзіміне, бүкіл кезеңге және есепті кезеңге көзделген субсидиялар теңгемен көрсетіледі.
11. 6 және 7-бағандарда бүкіл кезеңде және есептік кезеңде аударылған субсидиялар теңгемен көрсетіледі.
12. 8 және 9-бағандарда барлық кезеңдегі және есептік кезеңдегі ауытқулар (артық төлеу, жетіспеушілік) теңгемен көрсетіледі.
13. 10-бағанда пайдаланылмаған субсидиялардың қайтарылғаны (нақты) теңгемен көрсетіледі.
14. 11-бағанда банктік шотта жатқан субсидиялар қалдығы теңгемен көрсетіледі.

Облигациялар бойынша  
купондық сыйақыны  
субсидиялау қағидаларына  
3-қосымша

Нысан

## Ұсыныс

Эмитент: \_\_\_\_\_

(занды тұлғаның толық атауы)

Кімге: \_\_\_\_\_

(жұмыс органдының атауы)

1. Эмитент туралы мәліметтер

1	Эмитенттің атауы	
2	Басшының аты, экесінің аты (бар болса), тегі	
3	Эмитент туралы мәліметтер: БСН *	
4	Банк деректемелері	
5	Байланыс телефондары	

2. Субсидиялауга жататын облигациялық қарыздар туралы ақпарат

№	Облигациялар проспектісі (ISIN (YCH) **	Облигациялық қарыз сомасы, теңге	Купондық сыйақы, %	Облигациялардың айналыс мерзімі аяқталған күн
1	2	3	4	5
2				
3				
4				
5				

Осымен:

1) қаржылық берешекті қайта құрылымдау және жеделдетілген оқалту рәсімін қоспағанда, эмитент қызметінің үйымдастырушылық-құқықтық нысанын өзгерту, таратылу немесе банкротқа ұшырау сатысында тұрмағаны, сондай-ақ қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тоқтатылмағаны;

2) ұсыныста көрсетілген облигациялық қарыз бойынша купондық сыйақы басқа мемлекеттік және (немесе) бюджеттік бағдарламалар бойынша субсидияланбайтыны расталады.

Косямша:

облигациялар шығарылымы проспектісінің көшірмесі \_\_\_\_\_ паракта;

облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы қуәліктің көшірмесі \_\_\_\_\_ паракта;

бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесінен алынған үзіндінің көшірмесі \_\_\_\_\_ паракта.

Эмитент басшысының немесе оны алмастыруши адамның аты, экесінің аты (бар болса), тегі және қолы \_\_\_\_\_

Берілген күні: 20 \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

\* БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

\*\* ISIN (YCH) – халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ұлттық сәйкестендіру нөмірі).

Облигациялар бойынша  
купондық сыйақыны  
субсидиялау қағидаларына  
4-косямша

Нысан

### Субсидиялауға арналған өтінім

20 \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

Осымен эмитент \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_ келісімге сәйкес 20 \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ бастап

20 \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ дейінгі кезең үшін \_\_\_\_\_ теңге  
сомасындағы субсидияны \_\_\_\_\_ банктік шотқа төлеуді сұрайды.

Эмитент басшысы (сенімхат бойынша өкілі) \_\_\_\_\_

(қолы, аты, экесінің аты (бар болса), тегі)

Облигациялар бойынша  
купондық сыйақыны  
субсидиялау қағидаларына  
5-косямша

## Нысан

## Қаражат тарту жоспары

Эмитент: \_\_\_\_\_

(қаржы институтының атавы)

Эмитенттің бизнес сәйкестендіру нөмірі: \_\_\_\_\_

Кімге: \_\_\_\_\_

## (жұмыс органды)

1. Қаржы жылышынан жоспарлы кезеңіне агроөнеркәсіптік кешен субъекттеріне кредит беру, лизинг беру мақсаттары үшін қаражат тарту жоспары.

2. Қаржы жылышың екінші жоспарлы кезеңіне агроОнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру, лизинг беру мақсаттары үшін қаражат тартудың болжамды жоспары.

3. Қаржы жылышың үшінші жоспарлы кезеңіне агроОнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру, лизинг беру мақсаттары үшін қаражат тартудың болжамды жоспary.

4. АгроОнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру, лизинг беру мақсаттары үшін тартылған облигациялық қарыздар бойынша негізгі борыштың қалдығы.

5. АгроОнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру, лизинг мақсаттары үшін тартылған қаражат қалдығының және тарту жоспарының сомасы.

Р/с №	Барлы ғы _ _ _ _ жылға	Оның ішіндеги айлар бойынша										
		қантар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр	маусым	шілде	тамыз	қыркүйек	қазан	қараша
	Барлығы											

Эмитент басшысының немесе оның орынбасарының аты, әкесінің аты (бар болса) тегі және қолы \_\_\_\_\_

Отініштің берілген күні 20 \_\_\_ жылғы "\_\_\_"

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық акпарат институты» ШЖҚ РМК